**ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА**

**№ 1**

**Эссе**

«Тәуелсіздіктің жүгі ауыр»

Д. Қонаев

Тәуелсіздік күні – еліміздегі ең басты, маңызды мейрамдардың бірі. Тәуелсіздігімізді алу жолында халқымыз қиын да, ұзақ жолды басынан өткізді. Бір елдің отарында болып, өз елің үшін ешқандай жаңа талаптар жасамау өте қиынға түсті. Бірінші уақытта елімен, еркін, тәуелсіз, бейбіт жерде өмір сүріп жатқан балалар бақытты. Совет үкіметі кезінде талай балалар қақтығыс, озбырлық, жантүршігерлік оқиғаларды көз алдарынан өткізді. Көбінің ойынша біздің Тәуелсіздігіміз КСРО ыдырауымен келді. Бірақта тарихқа көз жүгіртсек Тәуелсіздік алу жолы оңай жол болмады. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ жері өркендеп, көркею түсуде. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың арқасында әртүрлі стратегиялық жоспарлар құрылып, оларды жүзеге асыру жұмыстары жүріп келеді. Осындай бір стратегиялық жоспарлардың бірі «Қазақстан – 2030» бұл жоспар бойынша біз жеті бағытта дамуымыз қажет. Бірінші бағыт – ұлттық қауіпсіздік. Шынымен де қазіргі кезде мен өзімді қауіпсіз, бейбіт елде тұрып жатқанымды білемін. Тағы бір жақсы жоспарлардың бірі – кәсіпкой мемлекет. Елімізде 700000 - астам кәсіпкерлер бар. Мемлекет бұл үшін көптеген жеңілдіктер мен мүмкіндіктер беріп отыр. Қазақстан бүгінгі күнде білім жағынан да дамып отыр. 1992 жылы білім алушылар үшін «Болашақ» бағдарламасы бой көтерді. Мектеп бітірушi түлектер енді шетел асып, Стамбул, Варшава, Ресейде т.б. елдер мен қалаларда білім алса алдын КСРО құрамында болғанда халық үшін, жастар үшін бір бастама жасау қиын болды. Тәуелсіздік алуымыз, жаңа бастамалар жасау үшін үлкен қошақта айналды.

*Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять*

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Қазақстанның Тәуелсіздігінің қалыптасуына біршама тарихи оқиғалар септігін тигізді. Басты оқиғалардың бірі ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысы. 1949-1986 жылдар арасында 343 атомдық бомба жарылыстары өткен, Семей полигонын жабу ең басты проблемалардың бірі болды. 1986 жылдың 28 ақпанында табиғат, адам өміріне қауіп төндірген Семей ядролық атом бомба полигонына қарсы қозғалыс басталды. Қозғалыс өз нәтижесін берді деп нақты айтамалмыз. Сол жылдың тамызында мораторий жарияланған. Тұңғыш Тәуелсіздігімізді алған соң 1991 жылы 29 тамызда Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды.

Осындай айтулы оқиғалардың бірі - Желтоқсан оқиғасы. 1986 жылы 16 желтоқсан КОКП ОК Бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевты орнынан босатып, Колбинді қою елдік наразылығын тудырды. Басқа мемлекет өкілін тағайындауында басты себептердің бірі болды. Оқиға 17 желтоқсан күні Алматы қаласындағы Брежнев атындағы алаңда студенттер мен жастардың наразылығымен басталды. Бейбіт түрде болған қозғалысты, қан төгіске айналдырған жоғары орында отырған өкілдер болатын. Қозғалысқа шамамен 25-30 мыңдай адам қатысты. Жазалаушы топ 8,5 мың адамды ұстап, 2401-і қала сыртына жіберіліп, жазаланса, 99 адам қамалып, 2-і ату жазасына кесілді. Берілген деректер бойынша қозғалыс барысында 2 адам қайтыс болған. Бірақта уақыт өте келе тергеушілердің кесірінен Сәбира Мұхамеджанова жатақхана үйінен секіріп кеткені, өзін жазасынан босатпайтын, түрмеде отырған Қайрат Рысқұлбековтың белгісіз жағдайда қайтыс болғаны мәлімденді. Көптеген студент жастардың өмірін қиған қозғалыстың арқасында


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

міне қазір кең байтақ тәуелсіз жерімізде өмір сүріп жатырмыз.

Менің ойымша, қазір егемен елде өмір сүріп жатқанмыз осындай тарихи оқиғалардың арқасында. Сырым Датұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Алаш автономиясы мен көтерілістердің де халықтың рухын көтеруде өз септігін тигізді. Бүгінгі күнде тәуелсіз, еркін елде өмір сүріп жатқаныма өте ризамын. Батыр, жігерлі аға, әпкелерімізің арқасында желбіреп тұрған көк туы бар дербес мемлекет атанып отырмыз. Еліміздің болашағын өркендетін жастар тарихымызды жаңғыртуы қажет деп ойлаймын.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

*Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника*  Парақ / Страница № ____

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | ✓ | | |
| 2 | | ✓ | | |
| 3 | ✓ | | | |
| 4 | | | | ✓ |
| 5 | | ✓ | | |
| 6 | | | | ✓ |
| 7 | | | ✓ | |
| 8 | | ✓ | | |
| 9 | ✓ | | | |
| 10 | | | ✓ | |
| 11 | | | ✓ | |
| 12 | | | ✓ | |
| 13 | | ✓ | | |
| 14 | ✓ | | | |
| 15 | | | ✓ | |
| 16 | ✓ | | | |
| 17 | | | ✓ | |
| 18 | | | | ✓ |
| 19 | | ✓ | | |
| 20 | | ✓ | | |